

Облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерінің мәселелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 14 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 14 шілдеде N 3039 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 29-бабы 2-тармағына, 1997 жылғы 7 мамырдағы "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 17-бабы 2-тармағына сәйкес, Азаматтық қорғаныстың мамандандырылған іс-шараларын орындауды қамтамасыз ету мақсатында **ШЕШІМ қабылдаймын:**

1. Облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерінің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерін құруға және олардың қызмет етуіне жауапты мемлекеттік органдар облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерін қосымшаға сәйкес қ ұ р с ы н .

3. Көрсетілген мемлекеттік органдар екі ай мерзімде мыналарды әзірлесін және облыс жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаментімен және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Павлодар облысы төтенше жағдайлар жөніндегі департаментімен (келісім бойынша) к е л і с т і р с і н :

облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтері туралы Е р е ж е л е р д і ;

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтері штабтарының д е р б е с қ ұ р а м д а р ы н ;

меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтері құрамына қосылған мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдардың тізбесін.

4. Қалалар және аудандар әкімдері облыс жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаментімен және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысы төтенше жағдайлар жөніндегі

департаментімен (келісім бойынша) қалалық (аудандық) Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерінің тізбесін келістірсін және оларды құру жөніндегі тиісті актілерді қабылдасын.

5. Облыс әкімінің 1998 жылғы 2 маусымдағы "Облыстық азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерін құру туралы" N 180, 2000 жылғы 29 мамырдағы "Облыс әкімінің 1998 жылғы 2 маусымдағы N 180 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 130 шешімдерінің күштері жойылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ф. Вербнякке жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Келісімді:

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігінің
Павлодар облысы төтенше
жағдайлар жөніндегі

департаментінің бастығы А. Садықов

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Павлодар облыстық аумақтық

басқармасының бастығы Е. Батырханов

Көлік инфрақұрылымы комитетінің
Павлодар облыстық басқармасының

бастығы Д. Ақанов

Павлодар облысы ішкі
істер басқармасының бастығы М. Тұмарбеков

Павлодар облысының төтенше
жағдайлар саласындағы мемлекеттік
бақылау және қадағалау

басқармасының бастығы С. Адамжанов

Қазақстан Республикасының
ақпараттандыру және байланыс
агенттігінің Павлодар облысы бойынша
ақпараттандыру және байланыс

басқармасының бастығы Ю. Волков

Павлодар облысы бойынша
көлік бақылау басқармасының

бастығы А. Әубәкіров

Павлодар облысы бойынша
өрт сөндіру және авариялық

құтқару қызметі» мемлекеттік
мекемесі филиалының бастығы М. Сәдірәлин
Павлодар облысы әкімінің
2005 жылғы 30 маусымдағы
"Облыстық Азаматтық қорғаныс және
төтенше жағдайлар қызметтерінің
мәселелері туралы" N 14 шешіміне
қосымша
Облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше
жағдайлар қызметтерінің тізбесі

N p/c	Облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерінің атауы	Облыстық Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерін құруға және олардың қызмет етуіне жауапты органның атауы
1	2	3
1.	Өртке қарсы қызмет	Павлодар облысының төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы (келісім бойынша) Павлодар облысы бойынша "өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметі" мемлекеттік мекемесінің филиалы (келісім бойынша)
2.	Медициналық қызмет	Облыс денсаулық сақтау департаменті
3.	Қоғамдық тәртіпті қорғау қызметі	Облыстық ішкі істер басқармасы (келісім бойынша)
4.	Сауда және азық-түлік қызметі	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті
5.	Жанар-жағар материалдары қызметі	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті
6.	Энергетика қызметі	Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті
7.	Коммуналдық-техникалық қызмет	Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті
8.	Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Павлодар облыстық аумақтық басқармасы (келісім бойынша)
9.	Көлік қызметі	Облыс бойынша көлік бақылау басқармасы (келісім бойынша)
10.	Техникалық қызметі	Облыс бойынша көлік бақылау басқармасы (келісім бойынша)
11.	Инженерлік қызмет	Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті
12.	Жолдар және көпірлер қызметі	Көлік инфрақұрылымы комитетінің Павлодар облыстық басқармасы (келісім бойынша)
13.	Байланыс және хабарландыру қызметі	Қазақстан Республикасы ақпараттандыру және байланыс агенттігінің облыс бойынша ақпараттандыру және байланыс басқармасы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК